ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПРОКУРАТУРА
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы,
120001, Қызылорда қаласы, Нұрмақов көш., №1 үй,
тел.: 8 (7242) 27-09-74, 27-66-45, факс: 8 (7242) 27-66-45,
www.115.kz

Республика Казахстан, Кызылординская область,
120001, г. Кызылорда, ул. Нурмакова, дом №1,
тел.: 8 (7242) 27-09-74, 27-66-45, факс: 8 (7242) 27-66-45,
www.115.kz

17.08.2017 № 2-10-17-08038

Қызылорда қалалық сотына

Арыз беруші:

Қызылорда облысының прокуратурасы
мемлекет мүддесі үшін
Қызылорда қаласы,
Нұрмақов көшесі №1

Мүдделі тұлғалар:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Астана қаласы, Сығанақ көшесі №20

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1

Қазақстан Республикасы Ақпарат және комуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті
Астана қаласы, Орынбор көшесі №8-үй, 14-кіреберіс

Документ подготовил: Тастанов Сагыныш Муратович, 7242163@prokuror.kz
Документ подписал: Дауешов Халидулла Зиноллаулы, 17.08.2017 18:21:45

А Р Ы З

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 47-тарауында белгіленген тәртіппен ақпараттық материалдарды экстремистік деп тану және ҚР аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабының 3-тармағына сәйкес, республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты,

сондай-ақ катыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның *(бұдан әрі – Заң)* 1-бабының 1-тармағына сәйкес, нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыру *(ұлттық экстремизмді)*, экстремистік іс-әрекет болып табылады.

Осы баптың 7-тармағында экстремистік материалдар – экстремистік әрекеттердің белгілерін және *(немесе)* оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар екендігі көрсетілген.

Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне 07.01.2017ж. №174300031000013 санымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабының 1-бөлігімен тіркелген қылмыстық іс материалдарындағы сот-дінтанушылық сараптамасының 15.02.2017ж. №615 қорытындысына сәйкес, Қызылорда қаласы, Әбуов көшесі №8 «А» үй, 1-пәтер тұрғыны, 19.09.1986 ж.т. Еримбетов Алмас Алматбекович «ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы «https:vk/com/id223163653» электронды жәшігінде «1240_1211_li-s_1199_nn_1241_ a_1179_idasy_Sheykh_ ibn_Baz», «Абдуррахим Абу Ибрахим Башпаев – Матрудиты, Ашариты и Им», «Абдуррахим Абу Ибрахим – О мусульманин, оставь празднование Нового года!», «Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!», «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год», «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ» атты файлдарының мәтінінде діни топтардың арасында ұлттық, діни алауыздықты насихаттау белгілері бар файлдарды жариялаған. *(қоса тіркелді)*.

Заңды күшіне енген Қызылорда қалалық №2 сотының 02.06.2017ж. үкімімен А.Еримбетов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 174-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 4 жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған *(қоса тіркелді)*.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің *(әрі қарай - Кодекс)* 76-бабының 3-бөлігінде, соттың қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген, талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылатын үкімі өзіне қатысты сот үкімі шығарылған адам әрекеттерінің азаматтық-құқықтық салдары туралы істі қарайтын сот үшін міндетті. Заңды күшіне енген сот үкімі мұндай азаматтық істі қарайтын сот үшін осы іс-әрекеттер орын алды ма және оларды осы адам жасады ма деген мәселелер бойынша да, сондай-ақ үкіммен белгіленген басқа да мән-жайларға және олардың құқықтық бағасына қатысты міндетті.

Заңның 12-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және *(немесе)* таратуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және *(немесе)* таратылатын және экстремизм белгілері

бар ақпараттық материалдарды прокурордың өтінішімен сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурордың тұрған жері бойынша немесе мұндай материалдардың табылған жері бойынша экстремистік деп танып, оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және *(немесе)* таратуға тыйым салады.

Кодекстің 376-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік деп тану туралы арызды прокурор осындай талаптарды мәлімдеген прокурордың орналасқан жері бойынша немесе осындай материалдар табылған жер бойынша сотқа береді.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын, Азаматтық процестік кодексінің 76, 302, 304, 376-баптарын, «Прокуратура туралы» Заңының 30-бабын және «Экстремизмге қарсы іс-кимыл туралы» Заңының 12-бабын басшылыққа алып,

С Ұ Р А Й М Ы Н:

1. Келесі ақпараттық материалдарды экстремистік деп танып, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салуды:

- «1240_1211_li-s_1199_nn_1241_ a_1179_idasy_Sheykh_ ibn_Baz»;
- «Абдуррахим Абу Ибрахим Башпаев – Матрудиты, Ашариты и Им»;
- «Абдуррахим Абу Ибрахим – О мусульманин, оставь празднование Нового года!»;
- «Октам Заурбеков – Жаңа жыл туралы!»;
- «Назратулла абу Марьям 1, 2 часть Лжепраздник Новый год»;
- «Ділмұрат әбу Мұхаммад – Бидағат иесінің ұлты жоқ».

2. Аталған ақпараттық материалдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салу туралы сот шешімінің орындалуын уәкілетті органдарға жүктеуді.

3. Аталған файлдарды Қазақстан Республикасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдардың экстремистік деп танылып, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, шығаруға, дайындауға және таратуға тыйым салынған тізіміне енгізілуін қамтамасыз етуді.

Тіркелді: *арыз 3 парақтан 2 данада, сот үкімінің көшірмесі 7 парақта, сараптама қорытындысы «7» парақта, барлығы «20» парақта.*

Қызылорда облысының
прокуроры **Х.Дәуешов**